



ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ ТҮРҒЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ: ҰСЫНЫС, ПІКІР, ЖОБА

Ғани ҚАРАСАЕВ

*ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бөлім бастығы,
бас ғылыми қызметкер, т.ғ.д., профессор, Астана қ.*

Кез келген тәуелсіз мемлекеттің қуаттылығы мен тұрақтылығы оның саяси, экономикалық өркендеуімен қатар азаматтардың өз елінің өткенінен сабақ ала білуі, қазіргісіне жауапкершілік, болашаққа деген берік сеніміне байланысты. Ал халықтың бойындағы осындай жоғары патриоттық, отансүйгіштіктің қалыптасуы әсіресе Қазақстан сияқты көп ұлтты мемлекеттер үшін маңызды орын алады.

Осы мақсатты іске асыруда «Қазақстан тарихы» пәніне ерекше міндеттер жүктелетіндігі белгілі. Бұл пәнді оқыту арқылы көпұлтты жастардың санасына тарихи шындық негізінде қазақ жерінің біртұтастығы, оның қазақ халқының тарихи сабақтастық негізіндегі көне мерзімнен қалыптасқан атақонысы екендігін ұғындыру да үлкен маңызға ие. Аталған тұрғыда Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы халыққа арнаған «Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуы тиіс» [1] – деп көрсетті. Осындай жоғары талапты іске асыруда 2013 жылдың ортасынан еліміздің тарихшы ғалымдары тарапынан Ұлттық тарихты нақты деректер арқылы толық шындық тұрғысында зерделеп, ғылыми талдау жасауға жаңа қадам жасалып отыр. Нәтижесінде төл тарихымыздың жабық та ақтаңдақ беттерінің болмауына да жетісетіндігіміз анық. Аталған жұмыстар арқылы қазіргі және болашақ қазақстандықтар оқып, сабақ ала білетін көпұлтты Отан тарихын негіздеу, оны барша адамзаттық тарихтың құрамдас бөлігі ретінде оқыту міндеті орындалатындығы белгілі.

Жоғарыдағы айтылғандардың қатарында қазіргі Қазақстанның қалыптасуында өзіндік орындары бар елімізге әр уақыттарда әр жағдайларда келіп, көпшілігінің тарихи отандарына айналған басқа ұлт өкілдерінің де өткенін,

жергілікті халықпен арадағы қалыптасқан игі қатынастарын үнемі насихаттау да күн талабы екендігі белгілі.

Яғни, Қазақстан тарихы пәнін осы мақсаттарды іске асыру тұрғысында оқыту еліміз халықтары арасындағы бірлестік пен өзара түсіністік, сенімділіктің қалыптасып, шыңдалуына да ықпал етеді.

Солай дегенмен де оқу орындарында бұл пәнді оқытудағы жиырма жылдан астам уақыттағы қалыптасқан тәжірибеге үңілсек, «Қазақстан тарихы – қазақтардың ғана тарихы» деп түсінетіндер де кездеседі. Ал мұның өзі республикамыздағы басқа ұлт өкілдерінің оған деген селқостығын, тіпті ашық қарсылығын да тудыруы мүмкін. Қазақстанда басқа ұлт өкілдерінің тарихы жоқ па?, оларды неге оқытпасқа?, – деген сұрақтар да қойылады. Немесе, «маған бұл тарих неге керек, ертең кетемін» деушілер де табылады. Осы тұрғыда еліміздің Конституциясында: Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, ...Қазақстандық патриотизм.

Мемлекет өз аумағының тұтастығын қамтамасыз етеді», [2] – деп көрсетілген. Аталған пәнді оқыту осы талаптар іске асыру бағытында жүруі керек екендігі өзінен-өзі айғақ болып отыр.

Тарихымыздағы осындай, т.б. өзіндік ерекшеліктерді ескере отыра Қазақстанның қазіргі территориясы туған ұлтымыздың тікелей арғы ата-бабалары – бастауларын тас, қола дәуірлерінен алатын рулар мен тайпалардың қалыптасқан, дамыған орны болғандығын, сондықтан да ол қазақтардың тарихи мекені, ал кейін осы халық негізі болған көпұлтты аймаққа айналғандығын дәріптеу арқылы Қазақстан тарихын сабақтастық тұрғысында оқытудың өзара байланысты мөлшермен бес кезеңін айқындауға болады.

Қазақстан тарихының бірінші, ерте дүниелік кезеңі: Бұл уақыт еліміздің территориясында тас дәуірінен бастап (мөлшермен 800 мың – 140 мың жыл бұрын) – біздің заманымыздың VI ғасырының ортасына дейінгі кезеңді қамтиды. Аталған уақыт ұзақ мерзімге созылғандықтан, оның өзін екіге бөлуге болады:

а. Алғашқы қауымдық құрылыс адамдарының тарихы (палеолит, мезолит, неолит, қола дәуірі немесе Андронов мәдениеті адамдары) – мөлшермен біздің заманымызға дейінгі 800 мың – 140 мың жылдан біздің заманымызға дейінгі I мың жылдықтың басы;

ә. Қазақстан территориясындағы алғашқы көшпелі тайпалардың, олардың одақтарының, көшпелі мемлекеттердің (сақтар, үйсіндер, қаңлылар, ғұндар, т.б.) тарихы – біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықтың басынан біздің заманымыздың VI ғасырының ортасына дейінгі кезең.

Әлемдегі және Қазақстан территориясындағы тас дәуірі мөлшермен алғанда адамзат дамуының бүгінгі күнге дейінгі тарихының 99 пайызын құраған, адамдардың біртіндеп, баяу дамыған кезеңі. Еліміздің территориясының барлық аудандарынан табылған археологиялық ескерткіштер, алғашқы адамдардың ұрпақтары, еңбек құралдары Қазақстан территориясы біздің ең бастапқы ата-бабаларымыздың тұрақты мекендері болғандығын дәлелдейді.

Алғашқы қазақстандықтардың жер шарының басқа аудандарындағы осы уақыт адамдарынан шаруашылығы, сенімі, т.б. жағынан айырмашылықтары болмаған. «Қазақстан территориясы көлемі жағынан әлемдегі ең үлкен мемлекеттердің бірі (2,7 миллион шаршы километр), Еуразия құрлығының ортасына орналасқан» [3, 39].

Міне осы жерде Қазақстанның тұңғыш мекендеушілерінің тарихы қалыптасқан. Біздің заманымызға дейінгі 2 мыңжылдықтың басынан басталатын Қазақстандағы қола дәуірі (Андронов мәдениеті) тұрғындарының шаруашылығы, тұрмысы, сенімдері, мәдениеті алдындағы кезеңге қарағанда күрделене түсті. «Андроновтықтардың шығуы, этникалық тегі туралы мәселе, – деп жазылған тарихи мәліметтерде, – жоба күйінде қалып келеді. (Алайда ең дұрысы, – Ғ.Қ.) Андронов мәдениеті Қазақстанның солтүстік өңірлері және онымен араласжатқан Орал аймағы, Батыс Сібірдің неолит және энеолит дәуіріндегі тілдері және қалыптасулары ортақ тайпалардың табиғи дамуы негізінде дүниеге келді, [3, 43] – деуге болады.

Сондықтан да оларды тас дәуірі адамдарының ұрпақтары деген толық тұжырым жасауға болады. Ғалымдардың тұжырымынша «Андронов мәдениеті мөлшермен сегіз-тоғыз ғасыр өмір сүрді және оның дамуы үш кезеңге бөлінеді: ерте (б.з.д. XVII–XVI ғғ.), дамыған (б.з.д. XV–XII ғғ.) және соңғы (б.з.д. XII–IX ғғ.) андроновтықтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды» [4, 14-15].

Андронов мәдениеті кезінде жанұя, жеке меншік пайда болды. Туыстық рулық, одан ары тайпа одақтары қалыптасты. Қоғам біртіндеп ауқатты адамдар мен кедейлерге бөлінді. Алғашқы билік нышандары өмірге келді. Мал саны артып, аталған шаруашылықтың көшпелі түрі негізделді. Екіншілік өркендеді. Қазақстан территориясындағы металлургияның негізі қаланды.

Б.з.д. 1 мыңжылдықтың басында қазіргі Қазақстан территориясында негізінен осы тайпалардың келесі ұрпақтары туралы алғашқы жазба мәліметтер пайда бола бастады. Олар «ерте парсы, алам және аккад тілдерінде жазылды. Геродоттың тарихында Дарийдың оларға қарсы жорығынан алынған Еуразияның скифтері туралы мәліметтер бар. Олар иран, грек-латын және қытай мәліметтерімен толықтырылған ерте парсы жазбаларында сақтар деп аталған. Бұл тайпалардың дәстүрлі кәсібі кетпенді жер және бақташылық мал шаруашылығы болған.

Біздің заманымыздың 1 мыңжылдығының басында бүкіл Қазақстан территориясына құрғақшылық жайылды. Жағдайдан шығудың жалғыз жолы көшпелі мал шаруашылығына ауысу, қоныс аймағын кеңейтуге байланысты болды. Жылқының санының өсуі үлкен аймақтарды игеруге жағдай жасады» [5, 18-21].

Табиғаттың осындай ерекшеліктері Қазақстан территориясындағы тайпа, рулардың өздеріне қолайлы көшпелі мал шаруашылығын негіздеулеріне жағдай жасады. Сонымен бірге егіншілік, металл өңдеу де дами бастады. Ал оның басында Қазақстанның негізгі тұрғылықты тұрғындары – сақ тайпалары тұрды. Қазақстанның сақ тайпалары андронов тұрғындарының – Авесталық

арийлер мен турлар, даилардың тікелей ұрпағы болды, [4, 45] – деп жазады зерттеушілер. Тарихи деректер бойынша б.з.д. бірінші мыңжылдықтың ортасынан көшпелі мал шаруашылығының Орталық және Орта Азияның далалық аймақтарына жаппай тарауына орай жайылымдыққа деген мұқтаждықтан көптеген ерте моңғол және ерте түріктік тайпалар қазақ даласына қарай жылжи бастады.

Бұл өңірге үйсіндер мен ғұндардың «Орталық Азия мен Алтай тауларынан жаппай көшуі сақтар мен тарихи ұрпақтары үйсіндердің түріктенуіне әкеліп соқты. Үйсіндер (үйсіндер) Қазақстанның негізінен қазіргі күнге дейін бар автохонды тайпалары [5, 74-75].

Бұл иеліктердің барлығы Бичуриннің жазуы бойынша «үйсіндердің оңтүстігінде жатыр: Себебі, үйсін иелігі Үрімші мен Баркүлді есептемегенде Аспандық таулардың барлық жақтарын алып жатыр. Үйсіндер ең күшті иеленушілердің бірі болып есептеледі. кейін, күшейген соң өзіне тағы да басқа иеліктерді қосып алды [6, 78, 101-102].

«Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында сақтық дәстүрлерді жалғастырған Жетісудағы үйсіндер мен Сырдария аңғарлары мен Жетісудың батыс бөлігін мекендеген қаңлылар» [4, 48] «өз кезінде осылай үлкен көшпелі мемлекеттер құрып, аталған дәуірдегі Қазақстанның тарихын жасауға тікелей үлес қосты. Қаңлылар жоғары дамыған жер шаруашылығымен және саудамен айналысқан халықтар болған» [5, 89].

Еліміздің көне тарихын халықтардың Ұлы қоныс аударуларының бастаушысы болған ғұндар аяқтайды. Б.з.д. 1 мыңжылдықтың аяғынан бастап ғұндар Қазақстан территориясына орналасып болды. Ғұндардың қайдан шыққандығы күрделі, алайда оларды түркілердің негізін салушылар деп есептейді [5, 64]. Бичуриннің жазуынша «хұндар шет халықтармен көрші болған үлкен мемлекетті құрады» [6, 96].

Яғни, б.з.д. бірінші мыңжылдықтың басынан б. заманымыздың VI ғасырының ортасына дейінгі Қазақстан тарихының негізін тас дәуірі, андронов мәдениеті адамдарының ұрпақтары сақтар және оларға келіп қосылған тайпалардың араласуынан пайда болған ерте түріктік тұрғындар қалады. *Қазақстан тарихының екінші, ортағасырлық кезеңі* – біздің заманымыздың VI ғасырының ортасынан, яғни, түркі қоғамының негізделуінен басталады. Бұл кезең XVIII ғасырдың ортасына дейінгі мерзімге созылады.

Уақыт көлемінің молдығынан аталған кезеңді мөлшермен *алғашқы және соңғы ортағасырлық* деп аталатын екі мерзімге бөлген жөн сияқты. Сондықтан да, көрсетілген кезеңнің *бірінші, яғни алғашқы ортағасырлық мерзімі* жоғарыда аталғандай Қазақстан территориясындағы тарихи сабақтастық негізіндегі түркі халықтары және олардың алғашқы мемлекеттігі өмірге келген Түрік қағанаты уақытынан олардың моңғолдардың билігіне өткен XV ғасырдың ортасына дейінгі уақытты, яғни, қазақ халқының қалыптасуына дейінгі дәуірді қамтиды.

Түркілер (Орта және Орталық Азияның жерлерінің көпшілік бөлігін мекендеген көшпелі тайпалардың басым бөлігі, (– F.K.) туралы алғашқы мә-

ліметтерге Қытай жазбалары ғана емес» XIX ғасырдың соңында табылып, құпиясы ашылған, түркі тілінің көне кезеңінің ескерткіші – VIII ғасырдағы тарихи Орхон жазбалары жатады. Бұл жазулар VI ғасырдан бастап Қытай шекарасынан Парсы және Византия шекарасына дейінгі даладағы билікті қаратқан, өздерін алғаш рет түркілер деп атаған халыққа тиесілі» [7].

Түркі тайпалары б.з. VI ғасырының ортасынан XIII ғасырының басына дейін Түрік қағанатынан басталатын дамыған түркілік мемлекеттердің негізін қалады. Өзара тығыз жан-жақты қарым-қатынастың негізінде олардың ортақ көшпелі мал шаруашылығы, салт-дәстүрі, ұғынықты тілдері қалыптасты.

Қазақстан тарихының екінші кезеңі моңғолдардың қазақ даласын бағындыруымен, XV ғасырдың ортасына дейінгі түркі-моңғолдық мемлекеттер құруымен аяқталады.

Моңғолдық биліктің тарауы қазақ хандығының өмірге келуіне жағдай жасады. *Көрсетілген кезеңнің екінші, соңғы ортағасырлық уақыты* – XV ғасырдың ортасынан басталып, XVIII ғасырдың ортасына дейінгі кезеңді алады. Осы уақытта, мөлшермен, XV ғасырдың ортасына дейін алдымен түркі халықтары, одан ары оларға моңғолдардың қосылуына орай қазақ даласында біртіндеп ортақ шаруашылығы, салты, дәстүрі, ұғынықты тілі бар жаңа халықтар қауымдастығы өмірге келе бастады. Олардың жаңа ру, тайпа атаулары пайда болды. «Жүздік» одақтарға бірігуі де осы мерзімдерден басталады. Кейін Керей мен Жәнібекті жақтаушы негізінен малды кәсіп ететін рулардың көпшілігі «қазақтар» деп атала бастады. Одан ары бұл атау Керей, Жәнібек хандығының барша тұрғындарының анықтамалығына айналды. Тәуелсіз Қазақ хандығы өмірге келді, «мөлшермен, – деп жазады Бартольд, – 861 жылы (1456–57 жылдар) Әбілхайырдың құдіреттілігіне қалмақтар ашық соғыс даласында ауыр соққы берді. Ол Сығнаққа қашып, жауларына елдің Сырдария өзеніне дейінгі жерлерін тонауына мүмкіндік берді. Нәтижесінде 870-жылдары (1465–66 жылдар) өзбек халқының арасында жік болып, қорытындысында далалық өлкені мекендеушілер сол заманнан «қазақ» аталған халықтың қалған бөлігінен ажырап кетті.

Мұхамед Хайдардың көрсетуінше олар 200000 адамға жуық болды. Олардың жетекшілері Гирей мен Жәнібек өзбек ханы Әбілхайырмен араздасып, Есен Бұға оларды қарсы алды» [8].

Исан Бұха хан оларға Моғолстанның солтүстік аймағын құраған Шу мен Қозыбай өңірін берді [9].

Алғашқы қазақ хандарының жүргізген саясатының негізінде кейін қазақ халқын құраған рулар мен тайпалар мекендеген Шу, Іле аңғарларының қосылуынан Қазақстан территориясы ұлғайып, қазіргі өңірлерге дейін жетті. Шаруашылығы, саудасы және мәдениеті дамыды. Сыртқы мемлекеттерге белгілі болды. Алайда әсіресе Тәуке ханның билігінің соңғы кезінде басталған сұлтандардың арасындағы дербес ұлыстық билеушілікке ұмтылу, т.б. жағдайлар мемлекетті әлсіретті. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін бұл құбылыс одан ары тереңдеп, қазақ жеріне көршілердің, әсіресе жоңғарлардың кең көлемді жойқын шабуылдарының негізінде бөлектену одан ары күшейе түсті. Соған

қарамастан осы қысылтаяң сәтте алдыңғы қатарлы ұлыстық хандар, батырлар мен халық бас қосып жоңғарлар шабуылын тоқтатып, оларды қазақ жерінен қуып шықты.

Осы кезеңдегі қазақ хандығындағы орын алған күрделі ішкі және сыртқы саяси, әлеуметтік қайшылықтар, экономиканың заманның талабына сай болмауы мемлекеттің бірлігі мен қуаттылығын іске асыруға мүмкіндік бермеді. Біртұтас қазақ қоғамы ыдырап, жікке бөлінді. Осындай себептерден Ресей, Қытай мемлекеттерінің, Жоңғарияның, Орта Азия хандықтарының қазақ жеріне деген ұмтылысына тойтарыс беру іске асырылмады. Қазақ қоғамындағы терең күйзеліс одан ары жалғастырылды.

Бұған дейін-ақ қазақ жерінің шығысы, Алтай аймақтарын жаулай бастаған Ресейлік отарлаудың көлемі артты. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қытаймен екі арадағы бәсекеге түскен қазақ даласына патшалық басқыншылық кең ауқыммен іске асырылды. Нәтижесінде XVIII ғасырдың басынан қазақ халқы өзінің тәуелсіздігінен айырыла бастады.

Қазақ жерін толығымен орыстандыру XX ғасырдың басына дейін созылды. Еліміздің Ресей құрамына енуі отарлыққа қарсы халқымыздың ұлт-азаттық қозғалысымен қатар жүрді. Отан тарихының осы кезеңінен басынан Қазақстан территориясы басқа ұлт өкілдерінің мекеніне айналып, оның көпұлтты тарихы басталады.

Осы айтылғандармен қатар XVIII ғасырдың басынан қазақ даласы аталған мерзімдегі ресейлік, қытайлық озық экономикалық қатынастарға ене бастады. Ірі сауда орындары негізделді. Халықаралық сауда бастау алды, тауар-ақша қатынасы өмірге келді. Ресейлік өндіріс орындары салынып, дами бастады. Орыс қоныстанушылары кең ауқымды егіншілікке жол салды. Қазақ халқы біртіндеп осы жаңа экономикалық құбылыстарға тартыла бастады. Өлкеде қалалар салу, егіншілікті, сауданы дамытуға қазақ қоғамының билеуші тобы да мүдделілік танытты. Елінің болашағы осындай жаңа экономикалық өркендеуге белсене араласуда екендігін ұғынған Абылай хан бұл іске бастаушылыққа ие болды.

Міне, қазақ қоғамындағы осындай келелі істердің негізделуінен *Қазақстан тарихының XVIII ғасырдың ортасынан үшінші, жаңа тарихтық кезеңі бастау алады. Бұл уақыт XX ғасырдың 20-жылдарына дейін созылды.*

1917 жылғы Ресейдегі орын алған ақпан және қазан төңкерістері осы мемлекеттік құрылымның құрамында болған Қазақстанға да әсер етті. Қазақ халқы өзінің еркінен тыс бір саяси жүйеден екіншісіне өтті. Төңкерістер мен азамат соғысының зардаптарын басынан кешірді.

Осындай үлкен оқиғалардың ортасында болған қазақ қоғамындағы халқының болашағы, оның азаттығы, теңдігі мен өркендеуін ойлап, елін осы жолға түсіруді аңсаған қазақтың алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдерінің табанды да мақсатты қызметтерінің нәтижесінде РКФСР құрамындағы байырғы қазақ территориясының басым бөлегін қамтыған Қазақ Автономиялы Кеңестік Республикасының негізделуімен *Қазақстанның төртінші, кеңестік дәуірдегі қазіргі заман тарихы басталады.*

Жеке басқа табыну мен тоталитаризмді негіз еткен сталиндік казармалық социализмнің барша қасіретін қазақстандықтар Кеңес Одағының халықтарымен бірге бастарынан кешірді. Осы мерзімде қолдан жасалған аштық пен Қазақстанды жаппай қоныстандыру іске асырылды. Халқымыздың едәуір бөлігі репрессия құрбандарына айналды. Қырғи-қабақ соғыс жылдарында жеріміз ядролық сынақ алаңдары мен экологиялық апат аймағына айналды. Сонымен қатар кеңестік заман кезінде Қазақстанда жаппай сауаттылық қамтамасыз етілді. Қазақ халқының өнері, ғылымы, мәдениеті дамыды. Салыстырмалы түрде болса да экономика өркендеді. Жүргізілген әміршілдік саясатқа қарамастан Қазақстан халықтарының достығы, бірлігінің айқын мысалдары өмірге келді. 1936 жылы РКФСР Қазақ АКСР-і КСРО құрамындағы дербес республикаға айналдырылды.

Сондықтан да қазақ жерінің Ресейлік, одан арғы Кеңестік жүйе кезеңіндегі өзіндік қарама-қайшылықты тарихын аша білу де аталған пәнді көп ұлтты ұрпағымызға оқытудағы негізгі міндет болып табылады.

1985 жылғы КОКП-ның Сәуір Пленумынан бастау алған қайта құрулардың нәтижесіндегі Кеңес халықтарының толық еркіндікке ұмтылуы, т.б. құбылыстар Кеңес Одағының тарауына әкеліп соқты. Қазақстан өзінің егемендігін жариялап, тәуелсіздігін алды.

Ел тарихының көпұлтты тәуелсіз мемлекет ретіндегі *бесінші кезеңі 1991 жылдың желтоқсан айынан басталады*. Егемендігімізді алған 15 жылға жуық осы уақыттың өзін саяси, экономикалық, әлеуметтік даму тұрғысында бірнеше кезеңге бөлуге болады. Аталған мерзімде елімізде мемлекеттігімізді нығайтуда ілгері істер атқарылды.

Барша халық қолдауына ие болған еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың көреген саясаты негізінде республикамыздың іргесі қатайды. Саяси-экономикалық өркендеу қамтамасыз етіліп келеді. Қазақстан әлем өркениеттілігіне белгілі болды. Елімізде халықтар достығы мен түсіністігі іске асырылып отыр.

Осының барлығын тарихи сабақтастық негізінде аталған пән арқылы насихаттай білу баршамыздың басты міндетіміз екендігі де белгілі.

Қазақстан тарихын көрсетілген кезеңдерге бөліп оқыту оның өткені мен болашағының, соның ішінде қазақ халқының осы территорияда ұзақ мерзімді тарихи құбылыстар негізінде қалыптасқандығының жүйелілігін де қамтамасыз ететіндігі белгілі.

Ел тарихын оқытудың осындай жүйесі арқылы жерімізге өткен уақыттарда әр мақсатпен келген басқа ұлт өкілдерінің де тарихын саралап, жергілікті халық пен олардың арасындағы жүзеге асырылған игі қатынастарды насихаттау да іске асырылатындығы белгілі... Осы арқылы көпұлтты қазіргі ұрпақтың бойында «Қазақстандық патриотизм» рухын, өзара сенімділік пен сыйластық, т.б. сезімдерін қалыптастыруға мүмкіндік жасалады деп есептеуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Астана, 14 желтоқсан 2012 ж.
2. Ж. Бәйішев. Қазақстан: Мемлекеттік кезеңдері. Алматы, 1997. 179-180 бб.
3. Ирмуханов Б.Б. Древняя история Казахстана, Талды-Курган. 1998.
4. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий, Алматы, 1992.
5. Орынбеков М. Предфилософия протоказахов. Алматы, 1994.
6. Бичурин И.Я. (Якинф) Средняя Азия и Восточный Туркестан. Алматы, 1997.
7. Бартольд В.В. Тюрки: двенадцать лекции по истории турецких народов средней Азии. Алматы, 1998. 4-5 бб.
8. Академик Бартольд В.В. Сочинения, Т. II, Часть 2, Москва, 1964. 490-б., Т. II, Часть I. Москва, 1963.
9. Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата, 1969.